



# ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 13 қыркүйек

### Ұлттық Банк

**2017 жылғы 12 қыркүйекте Алматы қаласында «Макроэкономикалық үлгі жасау: Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің үлгі жасау жүйесі және Қазақстандағы ғылыми-зерттеу жұмысы» деген тақырыпта**

### **1-ші Ғылыми-практикалық конференцияны өткізді**

Қазақстан Ұлттық Банкінің және ғылыми-сараптамалық қоғамдастықтың өкілдері ғылыми-практикалық конференция шеңберінде экономикадағы макроэкономикалық процестердің үлгісін жасау тақырыбын талқылап, өздерінің ғылыми тәжірибесімен бөлісті.

Конференция Ұлттық Банк пайдаланатын үлгі жасау аппаратын көрсетуге және Қазақстанның ғылыми топтары жүргізетін макроэкономика саласындағы ғылыми жұмыстарды ұсынуға арналған. Мұндай талқылау заманауи болмыстағы экономикалық өзара байланыстарды түсінудің және орта мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарға қол жеткізуде мемлекеттік саясат тиімділігінің маңызды мәселелеріне түрлі тұрғыдан қарауға мүмкіндік береді.

Конференция қорытындысы бойынша осы Конференцияда ұсынылған баяндамаларды Ұлттық Банктің «Экономикалық шолу» басылымының арнайы шығарылымында жариялау жоспарланып отыр.

Конференцияға Қазақстанның жетекші ғылыми, зерттеу және оқу ұйымдарының спикерлері: оның ішінде Экономикалық зерттеулер институты, Қолданбалы экономика орталығы, Назарбаев Университеті, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық зерттеу институты, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, ҚМЭБИ Университеті, М.В. Ломоносов атындағы ММУ-дың Қазақстандағы филиалы қатысты.

Қатысушылардың ауқымды аясы, олардың жоғары ғылыми және қоғамдық мәртебесі, шетелдік өкілдердің қатысуы – осының бәрі бұл іс-шараның мемлекеттік саясатты жүргізуде ғылыми тәсілді дамыту жөніндегі шараларды талқылау үшін тиімді және реттеушілік алаң болатынынан үміттенуге мүмкіндік береді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)